

# ӨЗ БЕТІНШЕ ТҰРҒЫЗЫЛҒАН ҒИМАРАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ



Орындаған: Бекзаков Е.  
С.


Мамандығы: Кадастр

Курс: 3


Алматы облысының прокуратурасы былтырғы жылы жергілікті атқаршы органдар тарапынан адамдардың өз бетімен (заңсыз) салып алған құрылыстарын жариялауға жасалған өтініштерді орындаудан бас тартуына келіспеушілік таныту және өз бетімен салынған құрылыстарға меншік құқын белгілеу туралы азаматтық істер бойынша сот тәжірибесіне талдау жасады.



.Ғимараттардың негізгі конструкциялық элементтері – горизонтальды (аражабындар, жабулар), вертикальды (қабырғалар, ұстындар) және іргетастар, олар бірігіп, біріккен кеңістік жүйені – ғимараттың көтеруші негізін құрайды. Көтеруші негіздің – ғимараттың конструкциялық негізінің тағайындалуы – ғимаратқа әсер ететін күштерді қабылдаудан, қызметінің барлық мерзімі бойы қажетті пайдалану сапаларымен конструкцияларды қамтамасыз етумен, осы жүктемелерден күштерге жұмысынан тұрады.








Салмақ түсетін элементтер  
(бағаналар, арқалықтар, беларқалар  
фермалар, қабырғалар, едендер)  
ғимаратта пайда болатын және  
сырттан әсер ететін жүктемелерді  
қабылдайды (ғимарат  
құрылымдарының өз массасының,  
жабдықтың, қар, жел, адамдар  
жүктемелері)

**Жыл барысында бірінші сатыдағы соттармен шешім шығарыла отырып, өз бетінше салынған құрылыстарға меншік құқын белгілеу жөнінде 65 іс қаралды. Олардың 61 қанағаттандырылса, төртеуін қанағаттандырудан бас тартылған. Бір іс апелляциялық тәртіпте қайта қаралған. Қараусыз қалдырылған және өндіріспен қысқартылған істер жоқ. Соттармен шешім шығарыла отырып, өз бетінше салынған құрылыстарды жариялаудан бас тартқан жергілікті атқарушы органдардың әрекетіне шағымданған 4 іс қаралып, олардың біреуі ғана қанағаттандырылған. Бір апелляциялық наразылық келтіріліп, апелляциялық тәртіпте қанағаттандырылған.**




Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен нысандарды пайдалануға қабылдау жүйесі қайта жасалды. Осы заңмен нысанды пайдалануға қабылдаудың декларативтік тәсілі енгізілді. Нақтырақ айтқанда, нысандарды мемлекеттік органдардың қатысуынсыз, авторлық және техникалық бақылауды, мердігерді қатыстыра отырып, құрылысқа тапсырыс берушінің өзі қабылдайды. Аталған тетік 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста.





**МҰНДАЙ ТӘРТІП СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУПТІЛІГІ  
ЖОҒАРЫ АУДАНДАРДАҒЫ, СОНДАЙ-АҚ ЕРЕКШЕ  
РЕТТЕЛЕТІН АЙМАҚТАРДАҒЫ, ЕРЕКШЕ  
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕМЕСЕ ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ  
ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ЖЕРЛЕРДЕГІ НЫСАНДАРҒА  
ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ  
АУМАҒЫНЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУПТІЛІГІ  
ЖОҒАРЫ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ.**





**ЗАҢНЫҢ 68-БАБЫНА СӘЙКЕС, ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫ  
ЖҰМЫСТАРЫН БАСТАМАС БҰРЫН УӘКІЛЕТТІ  
ОРГАННАН АРХИТЕКТУРАЛЫҚ-  
ЖОСПАРЛАУШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА АЛУҒА,  
САРАПТАМАНЫҢ МАҚҰЛДАҒАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ  
БАР ЖОБАЛЫҚ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА ЖАСАУҒА,  
СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫН  
ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БАСТАЛҒАНЫНАН ХАБАРДАР ЕТУГЕ,  
МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫММЕН, АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ  
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУМЕН КЕЛІСІМШАРТҚА  
ОТЫРУҒА ТИІСТІ.**

Азаматтық ғимараттар жер беті жағы өзегінің құрылымдық жүйесін үш негізгі ерекшеліктері сипаттайды :

1. салмақ түсетін негізгі вертикалды құрылымдардың түрі,
2. геометриялық схема және олардың жоспарда орналасуы
3. сыртқы қабырғалардың статикалық қызметі


# СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРГЕ СӘЙКЕС

- 2015 жылы жергілікті атқарушы органдар жеке қосалқы шаруашылық жүргізу және жеке тұрғын үй салуға жалпы аумағы 265 гектар болатын 2651 жер телімін берсе, былтыр жалпы аумағы – 162 гектарды құрайтын 1622 жер телімін таратыпты. Осылайша, екі жылда жалпы аумағы 427 гектар болатын 4273 жер телімі берілген.
- 2015 – 2016 жылдары 4053 әкімшілік материал бойынша 2406 адам белгіленген тәртіпке сай салынбаған нысандар мен кешендерді пайдаланғандары үшін ҚР ӘҚБтК 323-бабына сай әкімшілік жауапкершілікке тартылды.





Ғимараттардың үш негізгі конструкциялық жүйелері болады: қаңқасыз, қаңқалы және аралас (толық емес қаңқалы). Ғимаратқа әсер ететін барлық күштер, оның ішінде ғимараттың өз салмағы, іргетас арқылы топыраққа беріледі. Бұл күштерді қабылдайтын топырақ негіз деп аталады. Негіздің сенімділігі және беріктігі ғимаратты қалыпты пайдалану үшін маңызды болып табылады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!